

ӘОЖ: 343.98

<https://orcid.org/0000-0002-8864-1296>

<https://orcid.org/0000-0002-3839-2754>

**<sup>1</sup>Шекербекова М.С., <sup>2</sup>Омер Өзкан**

<sup>1</sup>заң ғ.магистрі, аға оқытушы Академик Ә.Қуатбеков атындағы ХДУ Шымкент, Қазақстан

<sup>2</sup>заң ғ.докторы Халықаралық Кипр Университетінің профессоры, Ыстанбұл, Түркия

**КРИМИНАЛИСТИКА ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ  
СОТТЫҚ ГРАФОЛОГИЯНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ МЕН МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

**Автор корреспондент: maka\_789@mail.ru**

**Түйін:** Бұл ғылыми мақалада графологияның пайда болуы мен жағдайы - криминалистика ғылымындағы жазу туралы айтылады. Графологиялық талдау жас ғылым ретінде көрінгенімен, оның тамыры терең деп айтуға болады. Алғаш рет адамның хаты оның мінезімен байланысты деген пікірді көптеген ғылымдардың атасы Аристотель айтқан: «бұл сөз идеялар мен ұмтылыстардың, идеялардың көрінісі. Көздің көрінісі жазба сөздері сияқты көрінді. Сөз эмоцияны жеткізгендей, адамның жазуы белгілі бір дәрежеде ойындағы сезімдерді, әсерлерді, жазған адамның ұмтылыстарын жеткізеді». Сондықтан Аристотельді алғашқы графоаналитик деп санауға болады. Ресейде графологияның тағдыры өте күрделі болды: теориялық база онша көп емес, және бұл саланы зерттейтін ғалымдар іс жүзінде жоқ. XX ғасырдың сексенінші жылдарының соңына дейін графологияны хиромантия және бал ашулармен теңестірді, тек СССР тараған сәттен бастап жағдай біршама өзгерді, яғни шетел әдебиеттері қолжетімді бола бастаған соң, орыс тіліндегі кітаптар көбейе бастады.

**Кілт сөздер:** Графология, графикалық портреттердің психиатры, криминалистік графикалық белгі, сот-медициналық білім. логикалық ойлау, сот-медициналық сараптама, диагностикалық және сәйкестендіру мәселелері, графологиялық талдау.

**Кіріспе.**Графологиялық талдау жас ғылым болып көрінгенімен, оның тамыры тереңде жатыр деуге болады. Алғаш рет адамның жазуы оның мінезімен байланысты деген ойды көптеген ғылымдардың атасы Аристотель айтқан болатын. Біздің эрамызға дейінгі 330 жылы ол былай деп жазды: «Сөз идеялар мен талпыныстардың, елестетулердің көрінісі. Жазу сөздің көзге көрінген түрі. Сөздің эмоцияның жеткізетіні сияқты, адамның жазуы да белгілі бір дәрежеде жазған адамның ойындағы, алған әсерлеріндегі, талпыныстарындағы сезімдерді жеткізеді»[1]. Сондықтан да Аристотельді алғашқы графоаналитик деп санауға болады. Ресейде графологияның тағдыры өте күрделі болды: теориялық базасы көп емес шамалы және де бұл саланы зерттеуші ғалымдар да жоқтың қасы.

Советтік дәуірде Ресейде, социалистік лагердің басқа да елдеріндегідей, графология қуғындауға шалдықты, ол «буржуазиялық жалған ғылым» деп аталып, үнемі жоққа шығарылып отырды. XX ғасырдың сексенінші жылдарының соңына дейін графологияны хиромантия және бал ашулармен теңестірді, тек СССР тараған сәттен бастап жағдай біршама өзгерді, яғни шетел әдебиеттері қолжетімді бола бастаған соң, орыс тіліндегі кітаптар көбейе бастады.

Көптеген фирмалар жұмысқа қабылданған маманға мінездеме беруге, сондай-ақ бәсекелестердің кейбір мінез-құлқын бағалауға сарапшы-графологтардың қызметін пайдаланады.Графология Европаның бірқатар мемлекеттерінде дипломаттар дайындайтын бағдарламаға енген. Графология бизнесте, медицинада, спортта, педагогикада және де басқа салаларда табысты қолданылуда. Сондай-ақ, айта кетейік,Израиль, Франция,

Британия, Германия, Испания сияқты мемлекеттердің арнайы қызмет және құқық қорғау ұйымдарының штатында маман-графологтар жұмыс жасайды.

Бірақ біздің елімізде графология ғылым ретінде өзінің лайықты орнын ала алмай отыр. Заманауи графология жайлы ойлар католик священнигі, уағыз айтушы, педагог, археолог, жазушы Ж.И.Мишонның (1806-1881) еңбектерінен бастау алады. Дәл сол адам «графология» терминін және «графология» - жазба жайлы ілім, онда адамның психологиялық жағдайының бейнелену тұлғасынан зерттеуді қолданысқа ендірді» [2].

Графологияны жазбатанумен шатастыруға болмайды. Жазбатану - сот-медициналық сараптамасының бір бөлімі, ол қылмысты істі тергеу барысында пайда болған диагностикалық және сәйкестендіру мәселелерін шешу үшін, адамның жазу, қозғалыс дағдыларын зерттейді. Жазбатанушылық сараптама дәстүрлі сот медициналық сараптамаға жатады. Ол әсіресе сот тергеу тәжірибесінде кеңінен тараған, себебі ол әртүрлі деңгейдегі қылмыстық, әкімшілік және азаматтық, оның ішінде төрелік істерде, сол істерді тергеу және соттық іс жүргізулерде қолжазбаны зерттеуге байланысты фактілерді анықтау кезінде тағайындалады. Жазбатану графологияға қарағанда жазу кезіндегі іс әрекеттердің стереотиптілігіне мән береді, А.А.Каминская атап айтқандай «жазудың даралығына», динамикалық тұрақтылығына, көпнұсқалылығына және таңдаудағы өзгеріп тұруына т.б.» (ағзаның әртүрлі жағдайларға ұшырауы яғни ағзаға әсер ету реакциясының нәтижелері) аса мән беріледі [3].

**Теориялық талдау.** Графологиялық жазба сараптамасы мидың күшімен қалыптасады және моторикадан бұрын сана үрдістері арқылы анықталады. Жазу үрдісінде қол жазу жазып отырған адамның ми қызметінің құралы ретінде ғана қолданылады.

Осыған сәйкес, XIX ғасырдың соңында неміс профессоры психолог Вильгельм Прейердің қолынан айырылған адамдарға жасаған экспериментін айтуға болады, ол адамдар қаламсапты тістерімен ұстап немесе аяқтарының саусақтарына қыстырып қойып жазу жазған. Айтып отырғандай «олардың жазбалары сол жағдайда да өзгермеген, яғни жазу стилі жеке тұлғаны көрсетеді деген ой дәлелденді» [4].

Ғылыми графология физиологиялық, психологиялық, психопатологиялық және басқа білімдерге аталған салалардағы білімдерге және бай статистикалық материалдарға негізделген. Сот медициналық сараптамашылар да жазбаны дәлел ретінде зерттей отырып, техникалық ерекшеліктерге және жалпы жағдайларға баса назар аударады, сондықтан, графология қылмыстық сот медициналық сараптама мамандығына жатпайды.

Ресейде графологияны мойындамау төмендегі себептермен байланысты былайша жіктелді:

Біріншіден: Ресейде ғылымды дамытатын, дәстүр мен мектепті қалыптастыратын бірыңғай үйлестірілген графологиялық жүйе жоқ.

Екіншіден: графологтар бірігіп зерттеу жүргізу және қате теориялардан бас тарту үшін өз күштерін біріктіргісі келмейді;

Үшіншіден, графологтардың кәсіби қызметі Ресейде ешқандай ресми тіркелмеген, сондықтан ол жұмыс түрі хобби болып саналып, қосымша қызығушылық көрінісі болып отыр.

Төртіншіден, осы күнге дейін ресейліктерде дамып келе жатқан европалық графология жайлы мағлұматтары болмады.

Бесіншіден, бүгінгі таңда Ресейде графологтар мамандар дайындалмайды, нәтижесінде өз бетінше даярланған графологтар көп.

Жалпы атап өту керек, бұл пән құқықтануда қажетінше мойындалмады. Көптеген ғалым-зерттеушілер оны жалған ғылым деп атайды.

19 ғасырдағы неміс зерттеушісі И.Х.Громан «адамның жазуына қарап, оның бойын, фигурасын, дауысын, көзінің түсін және шашының түсін бетінің қызылын анықтауға болады» деген болатын [5]. Дәл осы жалған ғылыми қорытындылар графологиялық зерттеулердің Соттық графологияға арналған және жарыққа 1897 жылы шыққан еңбегінде, Ассоциациясының негізін салушы Ганс Буссе негізін қалаған графологиялық

зерттеулердің ғылыми тұжырым ретінде мойындалмай келуіне себеп болып отыр.

Әйгілі скептицизм және қарсылықтар жазудың психологиясына еріп жүрді. Сол қарсылықтар қазіргі графологияның жүз жылдан астам тарихында еш өзгеріске ұшырамаған. Жеке адамның жазбасы, саусағының іздері немесе көздің қарашығы сияқты қайталанбас дүние екеніне ешкімнің күмәні жоқ. Бірақ жазған адамның психологиялық мінездемесіне қорытынды жасауға болады ма? Барлық эмпирикалық ғылымдар сияқты құрамына графология кіретін мінез-құлық формалары психологиясы практикалық бақылауларды жүйеге келтіреді және қорытындылайды, содан заңдар шығарады. Графологияға қарсы дәлелдерге негіз бар. Олар біршама әділетті де болар, бірақ ол әдісті мүлдем жоққа шығаратындай емес.

**Нәтижелер мен талқылау.** Англияға қоныс аударған чех графологі Роберт Саудек өз кезінде графологиялық талдауға қарсы алты түрлі қарсылықтарға дәлелдерін келтірді.

1) адамның жазуы мінезіне қатысты емес, қайта қол мен саусақтардың бұлшық еттерінің: құрылысына байланысты.

Бұл қарсылық жазу үрдісі қол мен саусақтардың қимылдау механикасына қатысты, нәтижесі тек олардың көлемі мен құрылымына байланысты. Адамның адымының кеңдігі адамның аяғының ұзндығына байланысты болғаны сияқты. Көптеген тәжірибелер әсіресе XX ғасырдың басында қарқынды жүргізілгендері жазудың мидың қызметі екенін көрсетті. Роберт Саудектің өзі, атап айтар болсақ, доктор Георг Майердің, профессор Франк Фриманнның және профессор Прейердің әйгілі тәжірибелеріне сүйенеді. Алыптар мен ергежейлілердің жазуларын салыстырды. Жюль Крепье-Жамен қызықты бақылаулар жүргізді, ол тәжірибеге қатысушыларды тапсырылған рольді дұрыс ойнап, әртүрлі жағдайда әртүрлі шарттармен жазу жазуға арандатты [6].

Қол, саусақтардың бұлшық еттері мен буындардың ахуалы жазуға әсер етері сөзсіз. Әсіресе оны кейбір аурулар кезінде байқауға болады. Мысалы, тұз жиналғанда немесе артритпен ауырғанда. Жазуды анықтауда талдаудың дұрыс шығуына ол да әсер етеді. Осыған ұқсас факторлар, әрине, жазудың психологиясына ғылыми әдіс ретінде әсерін тигізеді, бірақ статистикада оның әсері елеусіз ғана.

2) Қаламсап, қалам, қағаз және қағаздың астындағы төсеніш те мінезі мен психологиясына қарағанда жазуға едәуір көп әсерін тигізеді.

Жазылған мәтінге сол кездегі жағдайлар сөзсіз әсерін тигізеді. Жуан немесе жіңішке қаламсап; жазу жазған адам оны үлкен және сұқ саусақтарымен ұстап тұр ма, немесе орган қолды қосып, үш саусағымен жазып жатыр ма; қаламсап әріптерді жуан етіп жазады ма әлде жіңішке етіп жазады ма, сия қағазда жайылып кетеді ме, жоқ па - міне осы факторлар мәтіннің сыртқы келбетін өзгертеді, мәтін өзгереді. Бірақ, біріншіден, маман үлгінің сараптамасын сол үлгінің өзінен жазылу жағдайларын анықтап алмай жатып жасамайды. Екіншіден, Жазудың негізгі белгілері-әріптің қисаюы, домалақтануы, өрістер, т.б. өзгеріссіз қалып отырады. Егер сия жайылып кетсе, немесе қағаз қабыршақтанған болса, адам әріпті көбірек қисайтып жазады. Бір адамның жазуын анықтау, оның бірнеше үлгісін алып зерттеуді қажет етеді. Бұл сараптама жасау кезінде қателесуден сақтайды.

3) Жазу мектепте жүргенде қалыптасады, онда балаларды бірдей жазуға үйретеді, шын мәнінде олар бірдей жазады да, мектеп жүйесі оның жазуын қалыптастырып анықтап береді.

Бұл қарсылықтың, әрине, негіздемесі бар. «Мектептегі» жазба тіл мен алфавитке қатысты ғана өзгеріп қоймайды. Бір кездері, мысалы, тіке жазуға мән берген болса, енді бірде көбірек қисайтып жазуға үйретті. Сондай-ақ кейбір әріптерді жазудың стилі де өзгереді. Бірақ мектептегі жүйенің әсерін әсірелеп айтудың қажеті жоқ. Балалардың мінезі де олардың жазуы сияқты даму үстінде. Жазу күнделікті және әдетке айналғандықтан, әркім саналы түрде өзінің жазуын оңтайландыру жолдарын ойластырады да өзіне қалай ыңғайлы болса солай жаза бастайды. Жазған адам жазуын өзінің мінезіне келтіріп алады. Таяуда адамдар оқыған стандарттардан қалатын дүние аз болып тұр. Балалар мен жасөспірімдердің жазуын графологиялық талдаудан сирек өткізілетінін атап айту керек.

Дәлірек айтсақ, бұл ерекше бағыт, оған көптеген зерттеулер арналған. Сонымен бірге балалардың жазуларының ұқсастығы елеусіз ғана. Жюль Крепье-Жамен мектептерде зерттеу жүргізіп, «үлкендерге қарағанда балалардың өз сыныптастарының жазуын интуитивті түрде тез танып алатынын анықтады» [7].

4) Бірдей мамандық иелерінің де мінездері әртүрлі бола тұра, жазулары ұқсас болып келеді.

Ұжымдастардың жазулары тек маман еместердің көзіне ұқсас болып көрінуі мүмкін. Қолжазба мәтіндерін талдаудан тәжірибесі жоқ адамдар айырмашылықты байқамайды. Мысалы, дәрігерлердің түсініксіз жазуы бәріне тән қасиет. Бірақ түсініксіздігі жүзден бір ғана белгісі. Графолог ұжымдастардың жазуының басқа да көптеген сипаттамаларына мән беріп, үлгінің айырмашылығын табады.

Бір жағынан мамандықтың адам мінез - құлқына әсер ететінін жоққа шығаруға болмайды. Белгілі бір қызмет түрі жазудың өзгеруіне әсер етеді.

5) Жазу мінез құлықты білдірмейді, себебі жыл өткен сайын өзгеріске ұшырайды.

Жазудың жыл өткен сайын өзгеріске ұшырайтыны сөзсіз. Біреулерде көбірек, енді бірінде азырақ. Адамның өзі де, оның мінезі, басқа да қасиеттері өзгеріссіз қалмайды. Жазу сол өзгерістерді көрсетіп отырады. Мұндай динамиканы зерттеу жазудың психологиясын зерттеудің қызықты бағыттарының бірі болар еді. Өмірдің әр кезеңдерінде жазылған бір адамның жазу үлгісін зерттеу өте пайдалы болар еді. Өкінішке орай мұндай ақпарат болмай тұр [8].

б) Жазуда адамның мінез құлқы көрінбейді, себебі жазған адам оны өз еркімен өзгертуі мүмкін. Шындығында да егер жазу жасанды келтірілген болса, графологиялық талдау дұрыс болмайды. Бірақ, дәл солай адам әдейі бір рольді ойнап, өзінің мінезімен жалған пікір туындатуы мүмкін. Азуды талдау жазылған мәтін табиғи үйреншікті әдеттің нәтижесі дегеннен шығады. Ол өтірікті немесе жасанды нәрсені анықтауға арналмаған. Ондай мақсаттарда өзіне сәйкес сот медициналық сараптама қызмет етеді, ол да графология сияқты белгілерге негізделеді [9].

Графология жайлы айта отырып, оның мүмкіндіктері шектеулі екенін сенімді түрде айту керек. Сондықтан шын мәнінде графологиялық талдаудан не күтуге болатынын білу өте маңызды.

Графология келесі қасиеттерді бағалауға мүмкіндік береді:

- ерік жігер сапасы, және өмірлік күш қуат (ерік жігер, табандылық);
- жалпы рухани және жан дүние сапасы (жайдарылық, көңілділік, ынжықтық);
- жұмысқа мінездеме (педанттық, шығармашылық);
- темперамент және дене белсенділігі (рухани тепе теңдік, эмоциялылық);
- әлеуметтік салалар және топтағы өзін ұстауы (достық, жомарттық);
- өршілдік (мақсаттылық, мақтаныш);
- сенімділік (сенім дәрежесі, адалдық және ашықтық);
- ақыл ой деңгейі (логикалық ойлау қабілеті, артистизм, қиялдауы) [10].

Жазуға қарап төмендегі ақпараттарды ала алмайсың: дене бітіміне сипаттама, бойы, салмағы, көздерінің түсі, мамандығы жайлы, қаржылық жағдайы, өмірдегі тәжірибесі (ол тек Шерлок Холмстың ғана қолынан келген). Сондай ақ жасы туралы мағлұмат алуды да жоспарламаған жөн. Қолыңызда сіздің ойыңызша жас қыздың жазуының үлгісі деп ұстап тұрғаныңыз отыздан әлдеқайда асып кеткен әйел болуы да мүмкін. Талдаумен айналысқан кезде жазуды жазған кісінің жас шамасын білген дұрыс. Олай болмаған жағдайда жазуды жазған адамның эмоциялық пісіп жетілгенін аңғара алмайсыз [11].

Тұлғаны жазуына қарап зерттеу онымен айналысатындардан арнайы білім дағдысының болуын талап ететін, өте ауқымды жұмыс. Графологияны құқық қорғау ұйымдарының жұмыс тәжірибесіне ендіру, арнайы даярланған психологиялық - жазутану зерттеулерін жоғары деңгейде сапалы жүргізе алатын графолог мамандардың болуы қажеттігін айқындайды [12]. Зерттеудің бұл түрін жүргізу өзінің күрделілігімен ерекшеленеді, ал графологтың қорытындыларының дұрыстығы тікелей оның кәсібилігіне

байланысты болады.

Графологтардың зерттеулерінің нәтижелері көрсеткендей, бұл ғылым лайықты бағасын алуы тиіс. Бұл ғылымға біздің елде де орын беретін мезгіл жетті. Графологиялық талдау басқа да арнайы білімді пайдалану әдістері сияқты өз орнын табатын уақыт міндетті түрде келеді[13].

**Қорытынды.** Қорыта келе, мемлекетіміздің қауіпсіздігін сақтауға және қылмыскерлермен күресуге ат салысатын күнге жету алдағы заманауи тұрғыдан криминалистика ғылымының графология саласын жетілдіру және де ғылыми айналымға түсіру келешек зерттеушілерге мақсат етілмек. Мақаладағы жаңадан берілген мәліметтер құқықтану саласындағы «криминалистика» дәрістеріне енгізіледі.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Алесковский С.Ю. Основы графологии / С.Ю. Алесковский, Я.В. Комиссарова. М. : Юрлитинформ, 2006. 16 с.
2. Головин С.Ю. Словарь практического психолога. М, 1998г
3. Каминская А.А. Основные свойства почерка / А.А. Каминская // Юридический мир. 2008. №4. С. 67-68.
4. Надеждина В. Тайны почерка. Шаг за шагом / В. Надежди. Минск: Харвест, 2009. 415 с.
5. Исследование по изменчивости почерка: развитие скорости письма и стержневого нажима у школьников. Клара Гольдзихер Роман . США Журнал Генетической Психологии, 1936г., стр. 49, 1939г., стр. 60.
6. М.А. Голованова Графология XXI века / И.В. Щеголев, Ю.Г. Чернов. Изд. Питер, 2008г.
7. Джудит Норман. О чем говорит почерк. Графология для начинающих 2010г.
8. Жәкішев Е.Ғ. Криминалистік тактика Алматы, 1997ж.
9. Нарикбаев П.Б. Криминалистік тактика. 2008ж.
10. Исаев А.А, Шакенов А.О. Криминалистика және сот сараптамасы сұлба нысанында Оқулық Алматы-2005ж
11. Гинзбург А.Я., Джакишев Е.Г., Поврезнюк Г.И., Криминалистическая энциклопедия. Алматы. 1995г.
12. Белкин Р.С. Эксперимент в следственной, судебной и экспертной практике. Москва-Юрист, 1997г.
13. Абуов А.Ғ. Криминалистика негіздері. Алматы: Жеті жарғы, оқу құралы, 2004. 256 б.
14. «О применении графологии в России» автор научной работы - Голованова Марина Александровна, Заикина Ирина Александровна, Москва. 2014г.

**Аннотация:** В данной научной статье будет рассказано о происхождении и состоянии графологии - письменности в науке криминалистики. Хотя графологический анализ представляется молодой наукой, можно сказать, что он имеет глубокие корни. Впервые мысль о том, что письмо человека связано с его характером, была высказана Аристотелем, отцом многих наук: «слово является выражением идей и стремлений, представлений. Вид глаз, казалось, слова записи. Подобно тому, как слово передает эмоции, человеческое письмо в той или иной степени передает чувства в игре, впечатлениях, стремлениях человека, который пишет». Поэтому Аристотеля можно считать первым графоаналитиком. В России судьба графологии была очень сложной: теоретической базы не так уж и много, и ученых, изучающих эту область, практически нет.

**Ключевые слова:** Графология, психиатр графических портретов, криминалистический графический знак, криминалистическое образование, логическое мышление, судебно-медицинская экспертиза, диагностические и идентификационные проблемы, графологический анализ.

**Abstract:** This scientific article will tell about the origin and state of graphology - writing in the science of criminology. Although graphological analysis seems to be a young science, we can say that it

has deep roots. For the first time, the idea that a person's writing is connected with his character was expressed by Aristotle, the father of many sciences: "the word is an expression of ideas and aspirations, ideas. The sight of the eyes seemed to be the words of the record. Just as a word conveys emotions, human writing to one degree or another conveys feelings in the same, impressions, aspirations of the person who writes." Therefore, Aristotle can be considered the first graphoanalyst. In Russia, the fate of graphology was very difficult: there is not so much theoretical basis, and there are practically no scientists studying this field.

**Keywords:** Graphology, psychiatrist of graphic portraits, forensic graphic sign, forensic education. logical thinking, forensic medical examination, diagnostic and identification problems, graphological analysis.